



Бекітілді:

«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КЕАҚ

Қаржылық қызмет жөніндегі

Басқарма мүшесі - проректор

Абдуллаев К.Н.

2014 жыл

**"Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ" КЕАҚ аумағында жер сілкінісі кезінде қызметкерлердің, профессор-оқытушылар құрамының және студенттердің іс-қимыл ЖОСПАРЫ**

**Сигнал алу көзі:** Ғимараттың қозғалғанын сезіп, шамдардың тербелгенін, заттардың құлағанын көріп, өсіп келе жатқан гүрілдеген дыбысты және сынған әйнектің шырылдағанын және сирена-сөйлеу қондырғыларының сигналын естігенде дүрбелеңге түспеңіз.

**I. Қызметкерлердің, жұмысшылардың әрекеті (оқытушылар, студенттер және техникалық қызметкерлер)**

Егер жер асты дүмпулері сізді бірінші қабатта тұрған кезде сезілсе, құлаған заттардан, ғимараттың қоқыстарынан және үзілген сымдардан сақ болып, ғимараттан тезірек шыққан дұрыс. Мүмкін болса, өзіңізбен бірге дабыл чемоданын алыңыз (құжаттар, ақша, қажетті заттар, фонарь, алғашқы медициналық көмек қобдишасы және т.б.).

Ғимараттан шыққаннан кейін бірден қабырғалардан ашық жерге (ашық тұрақ орындары, ғимараттардан алыс бос орындар) шығыңыз. Сабырлы болыңыз және басқаларды тыныштандыруға тырысыңыз. Мүмкіндігінше мұқтаж жандарға алғашқы медициналық көмек көрсетіңіз.

Егер дүмпулер сізді ғимараттың жоғарғы қабаттарында тұрған кезде сезілсе - бөлмеде болыңыз. Алдыңғы есікті ашық қалдырыңыз, себебі ол дүмпу басылған соң үй-жайдан шығуды қиындатуы мүмкін.

Үйде ең қауіпсіз орындарға тұрыңыз, олар:

- 1) күрделі қабырғалардың астындағы тірек есіктерінде;
- 2) орталыққа жақын орналасқан негізгі қабырға жанында;
- 3) тірек колонналарының түбінде;
- 4) бөлме бұрышында.

Терезелерден, ауыр заттардан және жиһаздан ары тұрыңыз. Мүмкін болса, басыңызды қолыңызбен жауып, үстелдің астына жасырыңыз. Ғимараттан шыққан кезде терезелерден секірмеңіз немесе лифт қолданбаңыз. Баспалдақтан төмен түскенде, баспа қоршауын ұстап тұрып, арқаңызды алға қарай бағыттап түсіңіз. Қайта қатты дүмпулерге дайын болыңыз.

Егер бөлмеде су, газ немесе электр қуаты болса, оларды өшіру керек.

Егер сіз үйінді астында қалсаңыз, жағдайды сабырлықпен бағалаңыз және мүмкіндігінше өзіңізге алғашқы көмек көрсетіңіз. Адамдармен байланыс орнатуға тырысыңыз, от жағуға болмайды, ал құбырлар мен батареяларды соғу арқылы сигнал беру үшін пайдалануға болады. Күшқуаттыңызды үнемденіз. Көмек күтіңіз.

**«БАРЛЫҒЫНА, НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!»** дабылын естіген кезде Төтенше жағдайлар қызметтерінің ұсыныстарын ескеріңіз: радионы, хабар тарату көздерін қосыңыз.

## **II. Жағдаяттық басқару Орталығы (ЖБО) қызметкерлерінің әрекеті**

1.	<b>Контакт орталығының маманы:</b>	- 101, 102, 103, 104 және 112 телефондарына қоңырау шалу және оқиға туралы хабарлау;
2.	<b>ЖБО Орталық ішкі қадағалау қызметінің бас мамандары:</b>	- жергілікті ескерту жүйесін дереу қосу және хабар тарату; - Жағдаяттық басқару Орталығының (бұдан әрі - ЖБО) директорына, ЖБО директорының орынбасарларына, студенттік қалашықтың директорына, факультет декандарына дереу баяндалсын. Әрі қарай хабарлама тарату схемасына сәйкес лауазымды тұлғаларды хабардар етеді; - басшылардың шешім қабылдауы үшін төтенше жағдай туралы ақпаратты жинау, жинақтау және өңдеу;
3.	<b>ЖБО ішкі бақылау қызметінің мамандары:</b>	- ауысым басшысына және ішкі бақылау қызметінің мамандарына дереу хабарлау; - болған жағдай туралы қызметкерлерге (оқытушыларға, студенттерге және жұмысшыларға) дауыс зорайтқыш арқылы дереу хабарлау; - қосалқы шығуларды, негізгі есіктерді, (турникеттерді) ашу жолымен эвакуациялауға қатысу; - жағдай туралы аға ауысымға және базаға хабарлау; - ғимараттан дереу ашық жерге бару;
4.	<b>ЖБО ішкі бақылау қызметінің ауысым басшысы:</b>	- дереу базаға (ЖБО маманына) және ішкі бақылау қызметінің (бұдан әрі – ІБК) кезекші мамандарына хабарлау; - ЖБО директоры мен орынбасарларына дереу хабарлау; - қосалқы шығуларды, негізгі есіктерді, (турникеттерді) ашу жолымен эвакуациялауға қатысу;

		<ul style="list-style-type: none"> <li>- эвакуацияланушыларды эвакуацияланатын халықтың жиналу орындарына немесе қауіпсіз қашықтыққа (150-200 м) жіберу және көрсету;</li> <li>- зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету;</li> <li>- ахуал туралы ІБҚ басшысына және ІБҚ басшысының орынбасарларына және Орталыққа баяндау;</li> <li>- айналаны және төтенше жағдай орнын қоршауды ұйымд астыру;</li> </ul>
5.	<b>ЖБО директоры</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- оқиға орнына келу;</li> <li>- басшының шешімін қабылдау үшін оқиға туралы ақпаратты жинау, жинақтау және өңдеу;</li> <li>- жағдай туралы ректорға, проректорларға баяндайды.</li> </ul>
<b>III. Құрылымдық бөлімшелердің лауазымды және жауапты тұлғаларының әрекеті</b>		
1.	<b>Электрмен қамтамасыз ету қызметі (кезекші электрик) міндетті:</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- электр қуатын өшіруге;</li> <li>- ғимаратты электр қуатынан ажыратуға.</li> </ul>
2.	<b>Инженерлік қамтамасыз ету қызметі (кезекші сантехник) міндетті:</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- ғимаратқа су берілуін тоқтатуға.</li> </ul>
3.	<b>Кезекші лифт қызметшілері міндетті:</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- лифт есіктерін ашық қалдырып, бірінші қабатқа электр қуаты сөнгенше лифт кабинеттерін түсіруге;</li> </ul>
4.	<b>Куратор-эдвайзерлер:</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- оқу ғимараттарынан, жатақханалардан және т. б. оқытушылармен бірлесіп адамдарды эвакуациялауды ұйымдастыру.;</li> <li>- эвакуацияланушыларды эвакуацияланатын халықтың жиналатын орындарына немесе одан әрі тасымалдау үшін қауіпсіз қашықтыққа (150-200 м) жолдау;</li> <li>- зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсетуді және зардап шеккендердің бар екендігі туралы есеп жүргізе отырып, зардап шеккендерді медициналық мекемелерге жеткізуді ұйымдастыру;</li> <li>- оқу ғимараттарында, жатақханаларда адамдардың бар-жоғын тексеру;</li> </ul>

		<ul style="list-style-type: none"> <li>- басшылардың шешім қабылдауы үшін төтенше жағдай туралы ақпаратты жинау, жинақтау және өңдеу;</li> <li>- жағдай туралы сәйкес деканның орынбасарына баяндау.</li> </ul>
5.	<b>Декан орынбасары:</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- куратор эдвайзерді хабардар етеді және шақырады;</li> <li>- оқиға орнына келеді;</li> <li>- оқу корпустарының ғимараттарынан, жатақханалардан және т.б. оқытушылармен бірлесіп адамдарды эвакуациялауды ұйымдастырады;</li> <li>- оқу ғимараттарында, жатақханаларда адамдардың бар-жоғын тексеру;</li> <li>- басшының шешімін қабылдау үшін оқиға туралы ақпаратты жинау, жинақтау және өңдеу;</li> <li>- жағдай туралы сәйкес деканға баяндау.</li> </ul>
6.	<b>Факультет Декандары:</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- өз орынбасарларын хабардар ету және шақыру;</li> <li>- ректорға, проректорларға баяндайды;</li> <li>- оқиға орнына келеді;</li> <li>- басшының шешімін қабылдау үшін оқиға туралы ақпаратты жинау, жинақтау және өңдеу;</li> <li>- жағдай туралы ректорға, проректорларға баяндау.</li> </ul>
7.	<b>Студенттік қалашық директоры:</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- өз орынбасарларын хабардар ету және шақыру;</li> <li>- оқиға орнына келу;</li> <li>- ректорға, проректорларға баяндайды;</li> <li>- басшының шешімін қабылдау үшін оқиға туралы ақпаратты жинау, жинақтау және өңдеу;</li> <li>- жағдай туралы ректорға, проректорларға баяндау.</li> </ul>

**Өндірістік қамтамасыз ету  
Департаментінің директоры**

**Кыдырбеков К.А.**

**Жағдаяттық басқару  
Орталығының директоры**

**Жумабеков Д.Б.**

Орынд. А.Маймаков, С.Джумагулов  
Тел. 33-30, 33-37